

Жер қатынастары саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 782 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 ақпанда № 13093 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілетін жер қатынастары саласындағы бұйрықтар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика

Министрі

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мамытбеков

2015 жылғы 23 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2016 жылғы 16 қаңтар

**Өзгерістер енгізілетін жер қатынастары саласындағы
бұйрықтар тізбесі**

1. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.04.2022 № 119 (алғаш рет ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін беру және ақпаратын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының 2009 жылғы 10 шілдедегі № 118-П бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5740 болып тіркелген, 2009 жылғы 28 тамыздағы № 131 (1554) "Заң" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін беру және ақпаратын пайдалану жөніндегі нұсқаулығында:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Кадастрды жүргізетін ""Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) - жер-кадастрлық істерді қамтитын жер учаскелері туралы мәліметтерді:

жер учаскелерін құқықтардың жеке және заңды тұлғаларға тиістілігі;

жер учаскелерінің орналасқан жері және олардың шекаралары;

шектес жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылары;

жер учаскелерін пайдаланудағы шектеулер және ауыртпалықтар;

жер учаскелерінің бөлінетіндігі және бөлінбейтіндігі;

жер учаскелерінің нысанды тағайындалуы;

жер учаскесіне құқықтың түрі;

өтеулі негізде берілген жер учаскесінің бағалау құны;

жерлердің сапалық жағдайы туралы (жер учаскесінің топырақ және геоботаникалық сипаттамасы, оның мелиоративтік жағдайы) және жер мониторингі мәліметтері, жер-кадастрлық, топырақ және геоботаникалық карталардан үзінді көшірмелер;

жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамалары.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кадастрдың мәліметтерін жеке және заңды тұлғаларға беру үшін төлемақының мөлшеріне Мемлекеттік корпорацияның мәліметтерді әзірлеуге, оларды ресімдеуге және жіберуге жұмсалған шығындары кіреді және ол Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 146-бабына сәйкес белгіленеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кадастр мәліметін алуға мүдделі тұлға тиісті ұйымға өзінің реквизиттерін, сұрап отырған мәліметтердің сипаттамасын және көлемін, беру нысаны мен жеткізу тәсілін көрсете отырып жазбаша өтініш береді.

Өтінішті сенім білдірілген тұлға берген жағдайда "сенімхат бойынша" деген жазба енгізіледі және өтінішті білдіруші тұлға туралы мәліметтермен қатар сенім білдірілген тұлға туралы мәліметтер де көрсетіледі.

Мүдделі жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдарды қоспағанда, өтініштен басқа, кадастрды жүргізетін Мемлекеттік корпорацияға келесі құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (жеке тұлғалар ұсынады);
- 2) құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесін (мемлекеттік емес заңды тұлғалар ұсынады);
- 3) сенімхаттың көшірмесін (сенімхат берілген тұлғалар);
- 4) заңнамада белгіленген жағдайларда, өкілдің өкілеттілігін куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 5) мәліметтерді беру қызметі үшін төлемақының төлегені туралы түбіртек ті ұсынады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мәліметтердің сипаты мен көлеміне байланысты ресми сұраныс кезінде өтініш: республиканың жер қоры бойынша - жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ведомствосына, Мемлекеттік корпорацияға;

нақты жер учаскесі, бір ауданның шегіндегі жер учаскелерінің тобы, тұтас алғанда аудан бойынша - аудандық жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға, Мемлекеттік корпорацияның құрылымдық бөлімшесіне;

облыстың жер қоры бойынша - облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органға, Мемлекеттік корпорацияның құрылымдық бөлімшесіне;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қаланың аумағындағы жер учаскелері, жер учаскелерінің тобы бойынша - республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға, Мемлекеттік корпорацияға беріледі.".

3. "Елді мекен шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру кезіндегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 67 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 9952 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 шілдедегі № 131 (28609) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

4-қосымша осы Тізбенің 1-қосымшаға сәйкес жазылсын.

4. "Жер-кадастрлық құжаттамалардың құрылымын, құрамын және мазмұнын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 68 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тіркелімінде № 9951 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 ақпандағы № 28 (28506) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Жер-кадастрлық құжаттаманың құрылымы, құрамы және мазмұнында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік меншіктегі жерлерден жер учаскесін берген кезде жер учаскесінің жер-кадастрлық ісінің құрамына келесі құжаттар кіреді:

1) осы Жер-кадастрлық құжаттаманың құрылымына, құрамына және мазмұнына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындауға және беруге өтініш;

2) жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе төлқұжаты туралы мәліметтерді, сондай-ақ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаларды "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) қызметкері өкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦҚ) расталған (қол қойылған) электрондық құжат нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Өкіл арқылы өтініш білдірген жағдайда, жер-кадастрлық істің құрамына өкілдің жеке басын куәландыратын құжат, жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының нотариалды расталған сенімхатының көшірмесі, заңды тұлғалар үшін - өкілдің уәкілеттігін куәландыратын құжат енгізіледі;

3) жер учаскесіне құқықты белгілейтін құжаттың (мемлекеттік атқарушы органның актісінің) көшірмесі;

4) жер учаскесін таңдау актісі және сызбасы;

5) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес құрылатын комиссияның қорытындысы;

6) берілген жер учаскесінің алаңын, оның шекаралары мен орналасқан жерін, жер учаскелерінің шектес меншік иелері мен жер пайдаланушыларын, сондай-ақ берілетін жер учаскесінің ауыртпалықтары мен сервитуттарын нақтылайтын жер учаскесіне құқық берілгені туралы жерге орналастыру жобасының көшірмесі.

Тұрғын үй, саяжай құрылысына және бағбандық үшін бөліп берілетін алаңға жер учаскелерін орналастырудың жерге орналастыру жобасы болған жағдайда, ресімделіп отырған жер учаскесінің жер-кадастрлық ісіне жоғарыда аталған жерге орналастыру жобасының үзінді көшірмесі кіргізіледі. Әрбір жер учаскесі үшін жерге орналастыру жобасын әзірлеу талап етілмейді;

7) жергілікті жерде жер учаскесінің шекараларын белгілеу материалдары:

жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жұмысты жүргізуге арналған еркін нысанды өтініші;

жергілікті жерде жер учаскесінің шекараларын белгілеудің (қалпына келтірудің) жұмыс сызбасы және далалық өлшеу журналы немесе өлшеу нүктелерінің орналасу сызбасы (серіктік қабылдағышты қолданған кезде);

жер учаскесінің ауданын есептеу және координаталар ведомосі;

жергілікті жерде жер учаскесінің шекарасын белгілеудің (қалпына келтірудің) сызбасы және актісі;

межелік белгілерді сақтауға тапсыру актісі;

8) осы Жер-кадастрлық құжаттаманың құрылымының, құрамының және мазмұнының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тапсырыс беру бланкісі;

9) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының көшірмесі;

10) осы Жер-кадастрлық құжаттаманың құрылымының, құрамының және мазмұнының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне жер-кадастрлық кітабының нөлдік бөлімі;

11) осы Жер-кадастрлық құжаттаманың құрылымның, құрамының және мазмұнының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша корректорлық парақ.";

2, 7-қосымшалар осы Тізбенің 2, 3-қосымшаларға сәйкес жазылсын.

5. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.10.2020 № 301 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. "Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 159 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 10148 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жер мониторингін Қазақстан Республикасының барлық аумағында бірыңғай жүйе бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы жүргізеді.

Жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыруды жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ведомствосы жүзеге асырады."

7. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 160 бұйрығына (Нормативтік -құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 10147 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастры (бұдан әрі - Кадастр) мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды жер және жекелеген жер учаскелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Кадастрды жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүзеге асырады.

Кадастрды жүргізуге технологиялық байланысты қызметке:

1) жергілікті жерде әкімшілік-аумақтық бірліктердің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, мемлекеттік орман және су қорлары жерлерінің шекараларын белгілеу;

2) жер пайдалануды қалыптастыру мен ретке келтіру жөніндегі жобаларды, бүлінген жерді рекультивациялау жобаларын жасау, жергілікті жерде жер учаскелерінің шекараларын белгілеу;

3) мемлекет меншігіндегі және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер пайдалануға берілген жер учаскелері бойынша шаруашылық ішіндегі жерге орналастыру жобаларын әзірлеу;

4) жерді түгендеуді жүргізу жатады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік меншіктегі жерлерден берілетін жер учаскелеріне жер-кадастр істерін Мемлекеттік корпорация облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтер әкімдерінің шешімдері, Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген құзыретіне сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы бекіткен жерге құқықтық беру туралы жерге орналастыру жобасы және жер учаскесінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдар негізінде жүргізеді."

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Азаматтардың немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіндегі жерден учаске құру бөлінетін жер учаскесінің бөлігімен мәміле жасалған кезде жер учаскесінің орналасқан жері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органына берілетін олардың бөлінетін жер учаскесін бөлу туралы өтініштері негізінде жүргізіледі.

Өтінішке жер учаскесіне жеке меншік құқығы туралы құжаттар қоса беріледі.

Бөлудің нәтижесінде пайда болған жер учаскелеріне

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 14-1-бабында белгіленген құзыретіне сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің,

ауылдардың, ауылдық округтердің жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы бекіткен жер учаскесін бөлу туралы жерге орналастыру жобасы және жер учаскесінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдар негізінде жаңа жер-кадастр ісі жүргізіледі, ал бөлінетін жер учаскесіне бұрын жүргізілген жер-кадастр ісі Мемлекеттік корпорацияның мұрағатында сақталады.

Бөлу нәтижесінде қалыптасқан жер учаскелеріне Мемлекеттік корпорация жаңа сәйкестендіру құжаттарын дайындайды және береді.

Егер жер учаскесіне жер-кадастр жоспары әзірленген жағдайда жаңа жер-кадастр жоспары беріледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру нәтижесінде не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша жер учаскесіне құқықтар ауысқан жағдайда сәйкестендіру құжаты оны алушыға немесе басқа құқық иесіне беріледі.

Жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация жаңа сәйкестендіру құжатын (жер-кадастр жоспары) бермейді, ал жаңа құқық иеленуші туралы жазба жер-кадастр кітабына және жерлердің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Жер учаскесінің есептік деректеріне жер учаскесіне меншік құқығының немесе жер пайдалану құқығының ауысуы туралы мәліметтерді енгізу оларға жылжымайтын мүлік құқықтарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган ұсынатын материалдардың негізінде жүргізіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға бұрын өзіне жер пайдалануға берілген жер учаскесін жеке меншікке сатып алған жағдайда жаңа жер-кадастр ісі жүргізілмейді.

Жер учаскесінің орналасқан жері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы қалалардың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы беретін жер учаскесін сатып алу -сату туралы жасалған шарттың болуы, оның сатып алу бағасы төлемінің жүргізілгені, сондай-ақ жер учаскесін бөліп-бөліп төлеу тәртібімен сатқан кезде мәміле жасасуға тыйым салынуы (кепілге беруді қоспағанда) туралы анықтаманың негізінде Мемлекеттік корпорация жер учаскесіне жаңа сәйкестендіру құжатын дайындайды және береді.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Кадастрлық деректерді нақтылау және жаңарту мақсатында:

1) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар, уәкілетті лауазымды тұлғалар және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі (ауылдар, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар) жергілікті атқарушы органдар есепті жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша жыл сайын республикалық маңызы бар қаланың, астананың,

ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органына тиісінше жердің жай-күйі мен пайдаланылуы, меншіктегі және пайдаланудағы, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (ауылдар, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар) әкімдерінің қарауындағы жерлердің құрамында болып жатқан өзгерістер туралы "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - "Мемлекеттік статистика туралы" Заң) 12-тармағының 8) тармақшасына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша есептер ұсынады.

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы ұсынылған есептерді қарайды әрі бекітеді және оларды болған өзгерістерді жер-кадастр кітабына және бірыңғай мемлекеттік жер тізіліміне енгізу үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді;"

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдары есепті жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша жерлердің бар-жоғы және олардың санаттар, жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар мен алқаптар бойынша бөлінуі туралы жыл сайынғы есептерді (жер балансын) "Мемлекеттік статистика туралы" Заңның 12-тармағының 8) тармақшасына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша жасайды.

Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ведомствосы облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер балансының деректері негізінде Қазақстан Республикасының жер балансын жасайды.

Мемлекеттік корпорация 5 жылда бір рет облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар және жалпы Қазақстан Республикасы бойынша жерлердің сапалық жай-күйі туралы есептер жасайды.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Жеке және заңды тұлғалар жер учаскесіне кадастрлық нөмірді беру және жер учаскесінің ескі үлгідегі сәйкестендіру құжатын жаңасына ауыстыру үшін жер учаскесінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға өтініш жасайды.

Өтінішке жер учаскесіне қолда бар сәйкестендіру құжатының түпнұсқасы қоса беріледі.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Жер учаскесін сәйкестендіру жөніндегі жұмыстардың нәтижелері бойынша Мемлекеттік корпорация жер учаскесіне кадастрлық нөмір береді, ескі үлгідегі құжатқа тиісті белгі жасайды және оны өтініш берушіге береді.

Өтініш берушінің қалауы бойынша жер учаскесіне құқығы туралы ескі үлгідегі құжатты жаңа сәйкестендіру құжатына ауыстыру жүзеге асырылады.

Жер-кадастр кітабына, кадастр ісіне және мемлекеттік жер тізіліміне тиісті жазба жасалады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Есептік кварталдардың және/немесе аудандардың, облыстық (аудандық) маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішіндегі есептік кварталдардың кодтары мен жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлерін Мемлекеттік корпорация береді.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Жер-кадастр карталарын (схемаларын) жүргізуді және кейіннен жаңартуды Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады.".

8. "Жерлерді резервте қалдыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 178 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 11337 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Жерлерді резервте қалдыру қағидаларында:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін беру жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің электрондық нысанда көрсетілуін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдар хабарлама түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оның көшірмесін белгіленген тәртіпте жер-кадастры ақпаратын алу үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға резервте қалдырылатын жер учаскелері бойынша мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерді, сондай-ақ орналасқан ахуалдық сұлбасын ұсынады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Жерлерді резервте қалдыру туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің көшірмесі ол қабылданған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдарға және Мемлекеттік корпорацияға оны мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер базасына енгізу үшін жолдайды.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Жерлерді резервте қалдыру бойынша іс-қимылды тоқтату туралы шешімнің көшірмесі, оның қабылданған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға резервте қалдырылған жерлер туралы мәліметтерді мемлекеттік жер кадастрының мәліметтер базасынан алып тастау үшін жолданады."

9. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.01.2020 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.10.2021 № 297 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. "Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесі паспортының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 344 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 11155 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесі паспортының нысаны осы Тізбенің 8-қосымшаға сәйкес жазылсын.

12. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.06.2022 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өзгерістер енгізілетін
жер қатынастары саласындағы
бұйрықтар тізбесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

2014 жылғы 5 қарашадағы
№ 67 бұйрығына 4-қосымша
нысан



**Жер учаскесінің
жер – кадастрлық жоспары**

**Земельно – кадастровый план
земельного участка**

Жер учаскесінің жер-кадастрлық жоспары
Земельно-кадастровый план земельного участка

Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: _____
Кадастровый номер земельного участка: _____
Мекенжайы (мекенжайдың тіркеу коды): _____
Адрес (регистрационный код адреса): _____
Жер санаты: _____
Категория земель: _____
Жер учаскесінің алаңы (гектар): _____
Площадь земельного участка (гектар): _____
Жер учаскесінің нысаналы мақсаты: _____
Целевое назначение земельного участка: _____

Құқық түрі: _____
Вид права: _____
Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар: _____

Ограничения в использовании и обременения земельного участка: _____

Жер учаскесінің бөлінуі: _____
(бөлінеді, бөлінбейді)
Делимость земельного участка: _____
(делимый, неделимый)
Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны немесе жер пайдалану
құқығының құны (заңнамада көзделген жағдайларда қажет
болғанда): _____
Кадастровая (оценочная) стоимость земельного участка или стоимость
права землепользования (при необходимости в случаях, предусмотренных
законодательством): _____

Жоспар шегіндегі бөгде жер учаскелері
Посторонние земельные участки в границах плана

Жоспардағы № № на плане	Жоспар шегіндегі бөгде жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлері Кадастровые номера посторонних земельных участков в границах плана	Алаңы (гектар) Площадь (гектар)

Ескертпе:

Жер-кадастрлық жоспар жергілікті атқарушы органның жер учаскесіне құқық беру туралы қаулысының ажырамас бөлігі болып табылады.

Шектесулерді сипаттау осы жоспарды дайындаған сәтте жарамды.


Примечания:

Земельно-кадастровый план является неотъемлемой частью постановления местного исполнительного органа о предоставлении права на земельный участок.

Описание смежеств действительно на момент изготовления настоящего плана.

Жер учаскесінің жоспары

План земельного участка



Масштаб 1:

Шектес учаскелердің сипаты (кадастрлық нөмірлері):

А-дан Б-ға дейін

Б-дан В-ға дейін

В-дан Г-ға дейін

Масштаб 1:

Описание смежных участков (кадастровые номера):

От А до Б

От Б до В

От В до Г

Сызықтар өлшемдерін шығару

Выноска мер линий

Нүкте нөмірі	Сызықтар өлшемі	Мера линий
--------------	-----------------	------------

Жер-кадастрлық жоспарды _____
(ұйымның атауы)

_____ дайындады

Земельно-кадастровый план изготовлен _____
(наименование организации)

М.О. _____ 20__ жылғы "___" _____
(қолы) (Т.А.Ә. (ол болған кезде)

М.П. _____ "___" _____ 20__ года
(подпись) (Ф.И.О. (при его наличии)

Басшы _____
(жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның атауы)

Руководитель _____
(наименование уполномоченного органа по земельным отношениям)

М.О. _____ 20__ жылғы "___" _____
(қолы) (Т.А.Ә. (ол болған кезде)

М.П. _____ "___" _____ 20__ года
(подпись) (Ф.И.О. (при его наличии)

Осы Жоспарды беру туралы жазба Жер учаскесіне уақытша жер пайдалану құқығын беретін жоспарлар жазылатын кітапта № _____ болып жазылды.

Запись о выдаче настоящего Плана произведена в Книге записей Планов на право временного землепользования на земельный участок за № _____

Шектесулерді сипаттау жер учаскесінің жоспарын дайындаған сәтте жарамды.

Описание смежеств действительно на момент изготовления плана на земельный участок.

нысан

(ұйымның атауы)

басшысы _____

(Т.А.Ә. (ол болған кезде)

кімнен _____

(жеке тұлғаның Т.А.Ә. (ол болған кезде)

Немесе заңды тұлғаның толық атауы)

(ЖСН/БСН, жеке немесе заңды тұлғаның
жеке

басын куәландыратын құжат деректемелері,

байланыс телефоны, мекен-жайы)

**Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беруге
өтініш**

(жер учаскесінің нысаналы мақсаты)
берілген

(жер учаскесінің мекенжайы (орналасқан жері)
мекенжайында орналасқан жер учаскесіне жеке меншік, уақытша
өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді), өтеусіз, тұрақты жер
пайдалану (қажетінің астын сызу) құқығындағы жер учаскесіне
сәйкестендіру құжатын дайындап беруді сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылатын, заңмен қорғалатын құпияны
құрайтын мәліметтердің пайдаланылуына келісемін.

Күні _____ Өтініш беруші _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

немесе заңды тұлғаның атауы

немесе өкілетті тұлғаның аты-жөні,
қолы)

Өзгерістер енгізілетін
жер қатынастары саласындағы
бұйрықтар тізбесіне
3-қосымша
Жер-кадастрлық істің құрылымы,
құрамы және мазмұнына
7-қосымша

НЫСАН

Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау
актісі

1. Акті азамат(ша) _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе заңды
тұлғаның атауы)
өтінішіне сәйкес _____

(мақсатын көрсету)
_____ жер учаскесін бағалауға байланысты жасалды.

2. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: _____

3. Жер учаскесінің нысаналы мақсаты: _____

4. Жер учаскесінің орналасқан жері: _____

5. Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнының есебі (жер пайдалану құқығы) ____

Аймақ нөмірі (елді мекен жерлеріне), алқап түрлері, топырақ түрлері (ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлер үшін)	Алаңы гектар, шаршы метр	Жерге төлемнің базалық мөлшерлемесі, теңге	Түзету коэффициенті	Кадастрлық (бағалау) құны, мың теңге
Жиыны				

6. Жер учаскесінің (жерді пайдалану құқығының) кадастрлық (бағалау) құны _____

_____ кұрайды.

(жазбаша сомасы)

7. Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны _____

(жер кадастрын жүргізетін ұйымның атауы)

_____ анықталды.

М.О. _____

(қолы) (басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

(жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның атауы)

М.О. _____

(қолы) (басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Күні " ____ " _____ 20 ____ жыл.

Өзгерістер енгізілетін
жер қатынастары саласындағы
бұйрықтар тізбесіне
4-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.10.2020 № 301 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өзгерістер енгізілетін
жер қатынастары саласындағы
бұйрықтар тізбесіне
5-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.10.2020 № 301 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өзгерістер енгізілетін
жер қатынастары саласындағы
бұйрықтар тізбесіне
6-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.10.2020 № 301 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өзгерістер енгізілетін
жер қатынастары саласындағы

бұйрықтар тізбесіне

7-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.10.2020 № 301 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өзгерістер енгізілетін

жер қатынастары саласындағы

бұйрықтар тізбесіне

8-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушының

2015 жылғы 17 сәуірдегі

№ 344 бұйрығымен

бекітілген

нысан

Утвержден

приказом исполняющего

обязанности Министра

национальной экономики

Республики Казахстан

от 17 апреля 2015 года

№ 344

форма

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің паспорты

Паспорт земельного участка сельскохозяйственного назначения

1. Жалпы мәліметтер

Общие сведения

Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі (код) _____

Кадастровый номер земельного участка (код)

Ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңы _____ гектар

Площадь сельскохозяйственных угодий

Жер учаскесіне меншік немесе жер пайдалану құқықтарының түрлері _____

Виды права собственности или землепользования на земельный участок ____

Уақытша жер пайдалану мерзімі _____ дейін

(күні, айы, жылы)

Срок временного землепользования до _____

(число, месяц, год)

Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты _____

(құжаттың атауы және нөмірі, берілген күні)
Идентификационный документ на земельный участок _____

(наименование и номер документа, дата выдачи)
Жер учаскесінің меншік иесі, жер пайдаланушы _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе заңды тұлғаның толық атауы)
Собственник земельного участка, землепользователь _____

(фамилия, имя, отчество (при его наличии) физического лица или
полное наименование юридического лица)

Жер экспликациясы
Экспликация земель

гектар

Алкаптардың атауы / Наименование угодий	Жазба енгізілді: Запись внесена:			
	алғашқы первичный	/	кейінгі /последующий	
	20____ жыл/год " _ _ " _____		20____ жыл/год " _ _ " _____	20____ жыл/год " _ _ " _____
1	2	3	4	5
Егістік /Пашня				
оның ішінде суармалы/в том числе орошаемая				
Көпжылдық екпелер / Многолетние насаждения				
Тыңайған жерлер / Залежь				
Шабындықтар/ Сенокосы				
оның ішінде жақсартылғаны /в том числе улучшенные				
Жайылымдар / Пастбища				

[illegible]

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Барлығы:										
Всего:										

Егістік құрамындағы қарашірік (0-20, 0-50 сантиметр қабатында)

Содержание гумуса пашни (в слое 0-20, 0-50 сантиметров)

Топырақ түрлерінің атауы Наименование почв	Жазба енгізілді: Запись внесена:					
	Алғашқы Первичный		Кейінгі Последующий			
	20__ жыл /год " __ " __		20__ жыл /год " __ " __		20__ жыл /год " __ " __	
	0-20 см	0-50 см	0-20 см	0-50 см	0-20 см	0-50 см
1	2	3	4	5	6	7
Барлығы:						
Всего:						

Өзгерістер енгізуді негіздейтін құжат _____

Документ обосновывающий внесения изменений _____

Жазба үшін жауапты _____

Ответственный за запись (Т.А.Ә. (ол болған кезде)/ Ф.И.О. (при его наличии))

(қолы / подпись) _____ 20__ ж. /г. " __ " __

Егістіктің мелиоративтік жағдайы

Мелиоративное состояние пашни

гектар

Мелиоративтік топтар / Мелиоративные группы	Жазба енгізілді: Запись внесена:				
	Алғашқы / Первичный	Кейінгі / Последующий			
	20__ жыл/год " __ " __	20__ жыл/год " __ " __	20__ жыл/год " __ " __	20__ жыл/год " __ " __	20__ жыл/год " __ " __
	1	2	3	4	5
Теріс әсерлерге ұшырамағандары - Неосложненные отрицательными признаками					

Қиыршық тасты жерлер - Зашебенные оның ішінде / в том числе әлсіз/ слабо орташа / средне өте / сильно					
Тұзданған жерлер/ Засоленные оның ішінде / в том числе әлсіз / слабо орташа / средне өте / сильно					
Сортаңданған / Солонцовые оның ішінде / в том числе әлсіз / слабо орташа / средне өте / сильно					
Шайылғандары / Смытые оның ішінде / в том числе әлсіз / слабо орташа / средне өте / сильно					
Дефляцияға (жел эрозиясына) ұшыраған жерлер - Дефлированные оның ішінде / в том числе әлсіз / слабо орташа / средне өте / сильно					
Басқалары / прочие					
Барлығы / всего					

Өзгерістер енгізуді негіздейтін құжат _____

Документ обосновывающий внесения изменений _____

Жазба үшін жауапты _____

Ответственный за запись (Т.А.Ә. (ол болған кезде)/ Ф.И.О. (при его

наличии)

_____ 20__ ж. / Г. " ____ "

(қолы / подпись)

В1 қабатындағы топырақтың сортаңдығы, %

Солонцеватость почв в горизонте В1, %

Топырақ атауы Наименование почв	Жазба енгізілді: Запись внесена:		
	Алғашқы / Первичный		Кейінгі / Последующий
	20 ____ жыл/ год " ____ "	20__ жыл/ год " ____ "	20 ____ жыл/год " ____ "
	—	—	—
	A+B1	A+B1	A+B1
Барлығы:			
Всего:			

Өзгерістер енгізуді негіздейтін құжат _____

Документ обосновывающий внесения изменений _____

Жазба үшін жауапты _____

Ответственный за запись (Т.А.Ә. (ол болған кезде)/Ф.И.О. (при его наличии)

_____ 20__ ж. / Г. " ____ "

(қолы / подпись)

Егістік эрозиясының нәтижесінде A+B1 белдеуінде үстіңгі

қарашірік қабаты қалыңдығының өзгеруі

Изменение мощности верхнего гумусового A+B1 горизонта в

результате эрозии пашни

сантиметр

Өзгерістер енгізуді негіздейтін құжат _____

Документ обосновывающий внесения изменений _____

Жазба үшін жауапты _____

Ответственный за запись (Т.А.Ә. (ол болған кезде)/ Ф.И.О. (при его наличии)

_____ 20__ ж. / Г. " ____ "

(қолы/ подпись)

Ескертпе: A+B1 - егістікте және төмен орналасқан қарашірік

белдеуіндегі топырақтың қарашірік қабатының биіктігі.

Примечание: A+B1 - высота гумусового слоя почвы в пахотном и
нижележащем гумусовом горизонтах.

Суармалы егістіктегі уытты тұздар сомасының құрамы
 (0-30 сантиметр қабатында)
 Содержание суммы токсичных солей в орошаемой папне
 (в слое 0-30 сантиметров) %

Топырақ түрлерінің атауы/ Наименование почв	Жазба енгізілді: Запись внесена:								
	Алғашқы / Первичный			Кейінгі /Последующий					
	" __ " _____ 20__ жыл/год			" __ " _____ 20__ жыл/год			" __ " _____ 20__ жыл/год		
		Сортандану типі Тип засоления	Сортандану деңгейі Степень засоления		Сортандану типі Тип засоления	Сортандану деңгейі Степень засоления		Сортандану типі Тип засоления	Сортандану деңгейі Степень засоления
	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Барлығы: Всего									

Өзгерістер енгізуді негіздейтін құжат _____
 Документ обосновывающий внесения изменений _____
 Жазба үшін жауапты _____
 Ответственный за запись (Т.А.Ә.(ол болған кезде)/ Ф.И.О. (при его
 наличии)
 _____ 20__ ж. / г. " _ " _____
 (қолы/ подпись)

Азықтық алқаптардың дәнді-дақылдық техникалық жағдайы
 Культуртехническое состояние кормовых угодий

гектар

Алқаптардың жағдайы / Состояние угодий	Жазба енгізілді: Запись внесена:		
	Алғашқы/ первичной		Кейінгі / последующей
	20__ жыл/год " _ " ____	20__ жыл/год " _ " ____	20__ жыл/год г " _ " ____
1	2	3	4
Шабындықтар / Сенокосы			
Жаксартылған / Улучшенные			
Таза / Чистые			

Төмпешіктер басқаны / Покрытые кочками			
Бұталы, орманды / Закустаренные, залесенные			
Өсіп кеткен улы өсімдіктер / Заросшие ядовитыми растениями			
Барлығы / Всего			
Жайылымдар / Пастбища			
Жақсартылған / Улучшенные			
Таза / Чистые			
Төмпешіктер басқаны / Покрытые кочками			
Бұталы, орманды / Закустаренные, залесенные			
Тапталғаны / Сбитые			
Барлығы / Всего			

Өзгерістер енгізуді негіздейтін құжат _____

Документ обосновывающий внесения изменений _____

Жазба үшін жауапты маман _____

Ответственный специалист за запись (Т.А.Ә.(ол болған кезде)/ Ф.И.О.

(при его наличии)

_____ 20__ ж. / г. " ____ " _____

(қолы/ подпись)

Ескертпе: Ауыл шаруашылығы алқаптарының мелиоративтік және дәнді-дақылдық жағдайы туралы алғашқы жазба ____ жылғы масштабты 1: _____ топырақ зерттеп қарау материалдары және ____ жылғы масштабты 1: _____ геоботаникалық зерттеп қарау материалдары бойынша келтірілген.

Примечание: Первичная запись о мелиоративном и культуртехническом состоянии сельхозугодий приведены по материалам почвенного обследования ____ года, масштабе 1: _____ и материалам геоботанического обследования ____ года, масштабе 1: _____

Топырақ картасы

Почвенная карта

Шартты белгілер:

Условные обозначения:

☐

- топырақ контурының шегі / граница почвенного контура

☐

- топырақтың шифрі мен механикалық құрамы / шифр и механический состав почвы

☐

- _____
Масштаб 1:

Топырақ картасына мәлімдеме:

Легенда к почвенной карте:

Топырақ контурының Нөмірі/Номер почвенного контура	Топырақ шифрі және индексі/ Шифр и индекс почв	Контурдың бояуы/ Окраска контура	Топырақ атауы/ Наименование почв
--	--	-------------------------------------	-------------------------------------

Ескертпе: Топырақ картасының алғашқы деректері _____ жылғы масштабы 1: _____
топырақ зерттеп қарау материалдары бойынша келтірілген.

Примечание: Первичные данные почвенной карты приведены по материалам
почвенного обследования _____ года, масштабе 1: _____.

Геоботаникалық карта

Геоботаническая карта

Шартты белгілер:

Условные обозначения:

☐

- геоботаникалық контурдың шегі / граница геоботанического контура

☐

- өсімділік пен өнімділік типі / тип растительности и урожайность

☐

- _____

Геоботаникалық картаға мәлімдеме:

Легенда к геоботанической карте:

--	--	--	--	--	--

Контурдың Нөмірі/ Номер контура	Контурдың шифрі/ Шифр контура	Контурдың бояуы/ Окраска контура	Типтер мен түрлендіру нөмірлері/ Номера типов и модификации	Типтер мен түрлендіру атаулары / Название типов и модификации	Маусымдағы орташа өнімділік / Средняя урожайность за сезон, ц/га
---------------------------------------	-------------------------------------	--	---	---	---

Масштаб 1:

Ескертпе: Геоботаникалық картаның алғашқы деректері _____ жылғы масштабты 1: _____ геоботаникалық зерттеп қарау материалдары бойынша келтірілген.

Примечание: Первичные данные геоботанической карты приведены по материалам геоботанического обследования _____ года, в масштабе 1: _____.

3. Жер учаскесінің кадастрлық бағасы

Кадастровая оценка земельного участка

Бонитет балы

Балл бонитета

Ауыл шаруашылығы алқаптарының атауы/ Наименование сельскохозяйственных угодий	Жазба енгізілді: Запись внесена:		
	Алғашқы/ первичный	Кейінгі / последующий	
	20__ жыл /год " __ " ____ —	20__ жыл /год " __ " ____ —	20__ жыл /год " __ " ____ —
1	2	3	4
Егістік / Пашня			
Оның ішінде суармалы / В том числе орошаемая			
Көпжылдық екпелер / Многолетние насаждения			
Тыңайған жерлер / Залежь			
Шабындықтар / Сенокосы			
Жайылымдар / Пастбища			
Ауыл шаруашылығы жерлерінің жиыны / И т о г о сельскохозяйственных земель			
Оның ішінде жақсартылғаны / В том числе улучшенные			

Жиыны:			
Итого			
Өзгерістер енгізу үшін негіз болған құжат / Обосновывающий документ для внесения изменений Жазба үшін жауапты (колы) / ответственный за запись (подпись)			

Ауыл шаруашылығы алқаптарының атауы/ Наименование сельскохозяйственных угодий	Жазба енгізілді: Запись внесена:		
	Алғашқы / первичный	Кейінгі / последующий	
	20__ жыл /год " __ " ____ __	20__ жыл /год " __ " ____ __	20__ жыл /год " __ " ____ __
1	2	3	4
Егістік / Пашня			
Оның ішінде суармалы / В том числе орошаемая			
Тыңайған жерлер / Залежь			
Көпжылдық екпелер / Многолетние насаждения			
Шабындықтар / Сенокосы			
Оның ішінде жақсартылғаны / В том числе улучшенные			
Жайылымдар / Пастбища			

Өзгерістер енгізуді негіздейтін құжат _____

Документ обосновывающий внесения изменений _____

Жазба үшін жауапты маман _____

Ответственный специалист за запись (Т.А.Ә. (ол болған кезде)/ Ф.И.О.

(при его наличии)

_____ 20__ ж. / г. " ____ " _____

(колы/ подпись)

Ескертпе: Бонитет балының алғашқы жазбасы _____ жылғы, масштабы

1: _____ топырақ зерттеп қарау материалдары бойынша келтірілген.

Кейінгі зерттеп қараулардың нәтижелері осы паспортқа толтырылып қоса
ұсынылады.

Примечание: Первичная запись балла бонитета приведена по материалам

почвенного обследования _____ года., в масштабе 1: _____.
Результаты последующих обследований заполняются и прикладываются к
настоящему паспорту.

Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны

Кадастровая (оценочная) стоимость земельного участка

мың теңге

тысяч тенге

Ескертпе: кадастрлық құнының алғашқы жазбасы 20__ ж. "___"
_____ жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын (жер
пайдалану құқығының) айқындау актісінің негізінде келтірілген.

Примечание: первичная запись кадастровой стоимости приведена на
основании акта определения кадастровой (оценочной) стоимости
земельного участка (права землепользования) от
"___" _____ 20__ г.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің паспортын _____
_____ жасады

(жер кадастрын жүргізетін ұйымның атауы)

Паспорт земельного участка сельскохозяйственного назначения составлен

(наименование организации, ведущего земельный кадастр)

М.О. _____

(қолы/ подпись) (Т.А.Ә. (ол болған кезде)/ Ф.И.О. (при его наличии))

М.П. 20__ ж. "___" _____

Тіркеу нөмірі _____

Регистрационный номер

М.О.

М.П. _____

(жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның атауы)

_____ басшысы

Руководитель _____

(наименование уполномоченного органа по земельным отношениям)

(қолы/ подпись) (Т.А.Ә. (ол болған кезде)/Ф.И.О. (при его наличии))

20__ ж. / г. "___" _____

Осы паспортқа өзгерістер 20__ ж. /г. _____ енгізілді

В настоящий паспорт внесены изменения

М.О.

М.П. _____

(жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның атауы)

басшысы

Руководитель _____

(наименование уполномоченного органа по земельным отношениям)

(қолы/ подпись) (Т.А.Ә. (ол болған кезде)/Ф.И.О. (при его наличии))

Өзгерістер енгізілетін
жер қатынастары саласындағы
бұйрықтар тізбесіне
9-қосымша

Ескерту. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.06.2022 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК